

**№1 хаттама
педагогикалық кеңес**

29 тамыз 2022 жыл

Катысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну
4. «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекіту
5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту
6. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
7. Ағымдағы мәселелер:

I ТЫНДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшаның менгерушісі: Койланова.Р педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шыгармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына менгеруші Койланова.Р, құрамы тәрбиеші-педагогтар, хатшы тәрбиеші Джурунбаева.Ж сайлауды ұсынды.

ТЫНДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Койланова.Р жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Л.Жанабекова жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тараптынан басшылыққа алғынды. Тәрбиешілер таңертенгі қабылдауды участекерде ұйымдастырып, дene тәрбие жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айна бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жүқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуга мақсатқа жетуге бағытталды,-деді.

ТЫНДАЛДЫ: «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша менгерушісі: Койланова.Р жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты мен міндепті балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті

тәрбиелеу. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіркіту арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды акті болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Занында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Койылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Отken жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе отken жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, деңсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мектепалды топ балаларының мектепте окуға дайындық деңгейі талданады (Ұлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Эрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Ұлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспардың іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және отке жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағ проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған шараларға тоқталып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатынан таныстыру

СӨЙЛЕДІ: «Жан-Елікай» бебекжай-балабакша менгерушісі. Койланова әдістемелік нұсқау хат 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесінде үйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстырығы қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мұғалайшыларға педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгіндегі күні елімізде балалар мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оку жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бүйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бүйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бүйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын менгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыйнаптарында 2022-2023 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Занбары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

ТЫНДАЛДЫ: Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

СӨЙЛЕДІ: «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша менгерушісі: Койланова Р Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындағы: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі үйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насиҳаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде бүйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшадағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насиҳаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшаның барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекеттік олимпиадалар, интеллектуалды ойындар ерекше орын алады 2019-2020 оку жылында бөбекжай тәрбиеленушілері олимпиадаларға, күндізгі жән-

сырттай олимпиадаларға, мемлекеттік тілдегі зияткерлік ойындарға белсенді қатысты. «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшаның педагогикалық ұжымы жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді қатысады. Педагогтар газетке, журналға орыс тілінде де, мемлекеттік тілде де жазылады. Әр апта сайын, дүйсенбіде, жалпы салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталатын жалпы «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша жұмысының саптары өткізіледі. іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшадағы барлық іс-шаралар мен мерекелер екі мемлекеттік тілде өтеді. Жалпы, «Тілдер туралы Занды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және ол орындалуда.

ТҮНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӘЙЛЕДІ: «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақша менгерушісі: Койланова Р ағымдық күжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, «Әжемнің ертегісі» жобасын әрі қарай жалғастыру, басылымдарға мақалалар беру, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты.

2022-2023 оқу жылында балабакшага 75 бала қабылданып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітүге ұсынды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кең түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес төрайымы Койланова.Р әртүрлі мәселелерді қарастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеге жүйесі КР Білім және ғылым министрінің пдагог қызметкерлерді марапаттау туралы 29.07.2021 №372 бұйрығына сәйкес Ұстаздар күні және Республика күні мерекесіне байланысты ұйым педагогтерін марапаттау мәселесін қарастыруды ұсынып, сөзді бәбекожай кәсіподақ ұйымының төрайымы Медетова.Б ұсынды.

Педагогикалық кенес шешімі:

1. «Жан-Елікай» бөбекжай-балабақшаның жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кенес құрамы бекітілсін.
 3. Мамандардың үйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылықта алып жұмыс жүргізілсін.
 4. Тілдер туралы Заңының орындалысы бойынша жауапты тұлға бекітілсін. Тілдер күніне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай өткізілсін.

Педкенес төрайымы

Педкенес хатшысы



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

23 қараша 2022 жыл

Катысқан педагогтар саны: 13

КҮН ТӘРТІБІ:

- №1 педагогестің шешімдерінің орындалуы
- «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жакты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
- «Мектепке дейінгі білім беру үйімінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің кимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша менгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2022-2023 оку жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажететтін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

- №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертекгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, кимылды ойындар, дене жаттығулары, музика сабактары, үйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дene бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дene жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада балалардың дene бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

3. ТЫНДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқауышы «Мектепке дейінгі білім беру үйімінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі үйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі үйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін үйімдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың кимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру үйімінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Койланова.Р

Джурунбаева.Ж



ЖШС «Жан-Елікай» бөбекжай балабақшасы
№3 хаттамасы

11.01.2023 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Катыскандар: 6

Такырыбы:

2022 – 2023 оку жылдарында бірінші жарты жылдығына қорытынды есеп.

Мақсаты: Оку тәрбие жұмысының сабактастыры.

Күн тәртібінде

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Оку тәрбие үдерісіндегі жарты жылдық қорытынды есеп
3. Балалардың денсаулығы туралы жарты жылдық қорытынды
4. Жалпы жарты жылдық қорытынды мамандардың

Тындалды: №2 педагогикалық кеңесте барлық топты танымдық дағдыларды қалыптастыру бойынша іс-әрекеттер ойын түрінде өткізілді. Кіші топ тәрбиешісі «Ойнап жүйрік ойлайық» ойынын жүргізді. Кейіпкер келіп. Балалар өте жақсы белсенділік танытты. Қалған топтарымызда ұйымдастырлған іс-әрекеттерді қызықты нәтижелі ұйымдастырылды.

ШЕШІМ: №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Тындалды: Әдіскер: Тындалды: 2022 – 2023 оку жылдарында алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта «Таным» білім беру саласы жүзеге асырылды. Оку жылдарында алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен сиқырлы сандар әлемі, «Интелектум сырлары» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып кеңінен түсіндірілді. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. 4 жас топтарының білім деңгейлерін анықтап қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен ханымдар эстафетасы ұйымдастырылды(толығырақ баяндамада)

Сойледі: (тәрбиеші) Эстафеталық ойын көңілді болды. Педагогтар арасында жақсы-қарым қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді

Тындалды: **Әдіскер** Құрметті әріптер сіздерге тамаша ұсынысым бар ,өздеріңіз билетіндегі балабақшамыз әр ай сайын қысқа мерзімді жобалар іске асыруда .Өткен Тәуелсіздігіміздің 29 орай балаларға Мен Қазақстанның бір бөлшегімін жобасын үйымдастырсақ .Еліміздегі кішкентай патриоттарды өз бақшамыздан тәрбиелеуді бастасақ .Оз елінің дамуына атсалысатын білікті мамандар азаматтар тәрбиелеуді бастасақ

ШЕШІМ: Балабақшамызда осы айда « Мен Қазақстанның бір бөлшегімін,Мен кішкентай Инженермін » жобалары жүзеге асырылсын .Мерзімі 2023 жылдың қантар айы .

Жауапты : **Әдіскер**

Төрайым:  Койланова.Р

Хатшы:  Джурунбаева.Ж



**ЖШС «Жан-Елікай» балабакшасы
№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

13.03.2023

Қатысқандар саны12

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабакшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сактау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізу.
- 3.Денсаулық саласы бойынша ашық оку қызметтерінің қорытындысы.
- 4 Психологиялық тренинг «Телефон»

Балабақшамыздың менгерушісі Койланова.Р педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауга шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

Тындалды :Балабақша Койланова.Р сөз алғып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қагидаларды атап етті. Балалар мекемелерінде дene тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дene жаттыгулары, табигаттың сауықтыруши күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дene жаттығуы- дene тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнағы ірікте алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін.Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертенгілік жаттығу
- Қымыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттыгулар.

Балабақшадағы дene тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертенгілік жаттығу, қымыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттыгулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тың жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар). Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, ныгайтатындығын және дene мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қымыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта етті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын ныгайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тың әдістерді қолдану арқылы жүргізіледеп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Жұмашева.Ж Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтЫП өтті.

Тындалды: Әдіскер Койланова.Р Балабақшага таңертенгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қымылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттыгулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткіzetіндігіміз туралы айтЫП.Дене шынықтыру оку қызметі балаларды қымылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында алтасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын ныгайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тың әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты ныгайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оган

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оку іс- әрекеті таза ауадағы қымылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрүмендер теропиясы
Психо жаттығулар
Жалпак табан, омыртқаның қисауының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

Тындалды: Менгеруші Койланова. Р сөз алып, өтілген ашық кірлімдердің жақсы өтілгендігін , зияткерлік дағдынын «Шамаларды өлшеу » тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой- өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындағы ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық көрсетілімде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабакқа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойна түйетіндігін айта өтті.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оку іс-әрекетінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру колга алынсын.
3. Жас мамандардың ашық көрсетілімдерге қатысуы қадагалалансын.

Педагогикалық кенес төрайымы
Хатшы



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

№5 Хаттама

Откізілгін уақыты: 29.05.2023 ж

Қатысқан педагогтар саны: 7

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2022-2023 оқу жылдарының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайдын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг:Медетова.Б
4. 2022-2023 оқу жылдарының мониторинг қорытынды есебін тындау.
5. Әр түрлі мәселелер:
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Қаралды

1.ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша менгерушісі Койланова.Р педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстыруды. Сонымен қатар, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде акпарат берді.

ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2.ТЫНДАЛДЫ:

Екіншімәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, психолог, логопед, медбике 2022-2023 оқу жылдарында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы акпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналышын еткен. Мамыр айында Ересек тобының балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

Шешімі: Балабақша педагогтарының 2022-2023 оқу жылдарындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3.ТЫНДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологі өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс

жоспарының қорытындысын айта келе, ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырыды.

Шешімі: Ересек топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын

4. ТЫНДАЛДЫ:

Төртіншімәселе бойынша, балабақша әдіскері Койланова.Р 2022-2023 оку жылының мониторинг қорытындысымен есебін айтты.

Балабақшада менгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2023 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 3 топта онлайн форматта жүргізілді. Оның ішінде 1 кіші топ, 1 ортанғы топ, 1 ересек топ,. Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны - 75.

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі. 2022-2023 оку жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындауды.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5. ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырыды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, менгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.

ШЕШІМІ:

1.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Хатшы



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж